

Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 227 қаулысы мен Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2013 жылғы 18 қаңтарда № 3154 тіркелді.

Ескерту. Қаулы мен шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің бірлескен 14.12.2022 № 257 қаулысымен және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 14.12.2022 № 16-5 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Батыс Қазақстан облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі
Сессия төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Н. Ноғаяев
Б. Тұманов
М. Құлшар*

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2012 жылғы
6 желтоқсандағы № 227 және
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихатының 2012 жылғы
7 желтоқсандағы № 5-3
бірлескен қаулысына және
шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің бірлескен 14.12.2022 № 257 қаулысымен және Батыс Қазақстан облыстық

мәслихатының 14.12.2022 № 16-5 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ауданның (қаланың) атауы	Жеке меншік құқығымен немесе уақытша жер пайдалану құқығымен (жалға) берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері				Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін			
		Қазақстан Республикасы жеке (тұлғаларына шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
		Барлығы (гектар)	Егістік (гектар)	Шабындық (гектар)	Жайылым (гектар)	Барлығы (гектар)	Егістік (гектар)	Шабындық (гектар)	Жайылым (гектар)
1	Ақжайық	151	1	50	100	551	1	50	500
2	Бөкей ордасы	75	5	20	50	75	5	20	50
3	Бөрлі	55	5	20	30	55	5	20	30
4	Жаңақала	301	1	50	250	551	1	50	500
5	Жәнібек	101	1	50	50	101	1	50	50
6	Бәйтерек	101	1	50	50	101	1	50	50
7	Казгалов	101	1	50	50	101	1	50	50
8	Қаратөбе	300	100	100	100	300	100	100	100
9	Сырым	400	100	100	200	400	100	100	200
10	Тасқала	105	5	50	50	105	5	50	50
11	Теректі	60	20	20	20	150	50	50	50
12	Шыңғырлау	120	50	20	50	120	50	20	50
13	Орал	40	5	20	15	40	5	20	15